

**Бастапқы, орта және жоғары кәсіби білім беруді ұйымдастыру шарттары мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"  
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрдің м.а. 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 866 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 25 қаңтарда тіркелді. Тіркеу № 3382. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 3 тамыздағы № 594 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.08.03 № 594 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10-тармақшасына және 17-бабының 1) және 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған "Бастапқы, орта және жоғары кәсіби білім беруді ұйымдастыру шарттары мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты оның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А.Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндеттін

атқарушы

**"Бастауыш кәсіби, орта кәсіби, жоғарғы кәсіби білім беретін ұйымдарды күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Бастауыш кәсіби, орта кәсіби, жоғарғы кәсіби білім беретін ұйымдарды күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ереже) барлық меншік нысанына қарамастан кәсіби білім беретін ұйымдарға арналған.

2. Бастауыш кәсіби білім беретін, орта кәсіби білім беретін және жоғарғы кәсіби білім беретін ұйымдардың басшылары осы санитарлық ереженің талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) оқу орындары - бастауыш кәсіби білім беретін, орта кәсіби білім беретін, жоғарғы кәсіби білім беретін ұйымдар;

2) сабак өткізудің академиялық сағаты (оқу сағаты) - сабак басталғаннан үзіліске дейін созылатын сабактың және лекциялардың ұзақтығы бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білім беретін ұйымдар үшін 45 минут, ал жоғары кәсіптік білім беретін оқу ұйымдары үшін 40 минуттан кем емес;

3) оқу жүктемесі - оқыту орнындағы оқытындарға берілетін қабылданған сабактың бір аптадағы сағат саны;

4) оқу жүктемесінің жиынтығы - факультетті, секциялық сабактарды және үйірме жұмыстарын өткізуге бөлінген оқыту сағаттарының жиынтығы.

## **2. Аумақ пен участкеге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

4. Оқу орындарына бөлінетін жер участкесінің мөлшері мен орналасуы қолданыстағы құрылым нормалары мен ережелерінің (бұдан әрі - ҚНМЕ) талаптарына сәйкес болуы керек.

5. Оқу орындарының жер участкесінде мынандай негізгі аумақтар қараластырылуы керек: оқыту-өндірістік, дене тәрбиесі - спорттық және әскери

дайындық, дем алу, тұрғын (жатақхана, сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету объектілері), шаруашылық, автомобилдер және басқа да көліктік заттардың тұруына арналған ашық аландар. Оқыту-тәжірибелік аумақ білім беру ұйымдарының оқыту саласына байланысты бөлінеді.

6. Компьютерлік және есептеу техникаларын, оқытудың электронды техникалық қурал-жабдықтарын, бағдарламалық және ақпараттық технологияны пайдаланатын оқу орындарында өндірістік оқыту аумағы бір орынға 6 шаршы метр (бұдан әрі -  $m^2$ ) есебімен алынған қосымша резервті орын қарастырады.

7. Қойма, гараж, жөндеу мастерскойларын және басқа да қосымша үй-жайларды бір блокқа біріктіріп, шаруашылық аумағына орналастырады. Шаруашылық аумағы участкенің алыс түкпірінде орналасады және оқитындардың негізгі жүріп тұратын жолдарымен қылыштай, көшеге кіріп-шығатын жеке жол болу қажет.

8. Спортқа арналған аумақ, спорт залға жақын жерде орналасып, оқу үй-жайларының терезе орналасқан жағында болмауы керек.

9. Көгалдандырудың ауданы участке көлемінің кем дегенде 40 пайызын (бұдан әрі - %) құрауы керек. Егер участкені орман немесе бақтың жанында орналастыrsa, көгалдандыру ауданын 30 %-ға дейін қысқартуға болады.

10. Қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесі, уақытша сақтау, оны жүйелі түрде шығаруды ұйымдастыру мен аумақты тазалау халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің (бұдан әрі - НҚА) талаптарына сәйкес келуі тиіс.

### **3. Фимараттар мен негізгі үй-жайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

11. Үй-жайлардың көлемін орнату оқитындардың санына және тағайындалуына байланысты қолданыстағы ҚНжЕ-нің талаптарына сай болуы керек.

12. Аудиторияларды, оқу кабинеттерді, зертханаларды жертөледен жоғарғы қабаттарға орналастыру керек.

13. Фимараттың жертөлесінің ірге қабаттарында киім іletін үй-жайды, дәретханаларды, себезгі бөлмені, қойма, кітап қоймаларын орналастыруға болады. Жертөле қабаттарында бойлерлік, сорғышы бар су құбырлары мен канализацияны, желдеткіш камераларды, ауаны салқыннатуға арналған камераларды, лифттердің мәшине бөлімдерін орналастыруға болады.

14. Спорт және акт залдарын, кітапханаларды, асханаларды оқу үй-жайларынан бөлек пайдаланыла алатында етіп орналастыру керек. Асхана

мен тамақ дайындастын орын үшін 1 қабаттан жеке орын қарастырылып, шаруашылық зонасына шығатын есігі болуы керек.

15. Оқу үдерісінің талаптарына сай бөлек оқу ғимараттарының арасында жылынатын өткелдердің болуын қарастыру керек. IV климаттық ауданда орналасқан жоғары орындарында жылынатын өткелдердің құру міндет емес.

16. Оқытуға арналған үй-жайлар өндірістік оқыту мастерскойларынан, спорт залдарынан, тағам дайындастын орындарда бөлек болуы керек. Спорт залын оқу бөлмелерінің, әкімшілік үй-жайларының, медициналық ұйымдардың үстіне орналастыруға болмайды.

17. Спорт залдарда себезгі бөлмесімен дәретханасы бар 2 шешінетін бөлме, мұғалімдерге арналған кабинет, спорттық керек-жарақтарды сақтайтын көлемі 18 м<sup>2</sup> кем емес бөлме қарастырылуы керек.

18. Үй-жайлар ішінің әрленуі олардың атқаратын міндеттіне сай орындалуы керек. Қабырғалардың, арақабырғалардың және төбенің беттері тегіс, ылғалды тазалау мен заарсыздандыру жүргізуге онтайлы болуы керек.

19. Үй-жайлардың, ая аудиокомплекттерінде аудиодатасын пайдаланылуға белгіленген тәртіп бойынша босатылуы керек. Қабырғалар мен төбелердің әкпен немесе сулы эмульсиямен ақтау және түсқағазды пайдалану арқылы жабуға болмайды.

20. Индетке қарсы және заарсыздандыру режимін қадағалауды талап етпейтін үй-жайларға (вестибюлдер, дәліздер, холлдар) аспалы төбелерді қолдануға болады және жинап тазалау жұмыстарын жүргізе алғанда жабуға болуы керек.

21. Ылғалды жұмыс істеу режимі бар үй-жайлардың төбелері суға төзімді бояулармен боялып, қабырғалары глазурленген тақтайшалармен немесе басқа да ылғалға төзімді материалдармен төбелеңдейтін қапталуы керек, едендерді қаптау үшін су өткізбейтін материалдарды қолданады.

22. Химиялық, радиобелсенді заттармен және басқа да иондағыш сәуле көздерімен жұмысы байланысты және жұмыс істеу арнайы жағдайларды қажет ететін зертханалардың үй-жайларын әрлеу қолданыстағы НҚА-га сәйкес орындалуы керек.

23. Оқу үй-жайларындағы едендердің жылу ұстайтын қасиеттері (паркет, паркеттің тақтай, ағаштан жасалған, майлы бояумен сырланған) жоғары болуы керек. Еденнің бетіне линолеум төсегендеге олар тегіс, негізіне тығыз жапсырылып, ойықсыз, жарықсыз, тесіксіз болуы керек. Линолеумнің бір-біріне жанасатын жерлерінің арасы мұқият дәнекерленуі керек. Қабырғаның түсіндағы линолеумнің шеттері қабырға мен еденнің арасын біріктіретін еденкемерінің астына келтірілуі керек. Вестибюлдердегі едендерді механикалық әсерге (

мәр-мәр үгітіндісі, мәр-мәр, таскестелік едендер) төзетіндей орнықты етіп жасау керек.

24. Раковиналарды және басқа санитарлық-техникалық құралдарды, сонымен бірге қабырғалар мен арақабырғаларды ылғалдандыратын жабдықтарды пайдалану барысында еденин биіктігі 1,8 метр (бұдан әрі - м) және жабдықтар мен құралдардан әр жағынан 20 сантиметр (бұдан әрі - см) шығып тұратындағы етіп, судан оқшаулағыш глазурленген тақтайшамен немесе ылғалға төзімді басқа материалдардан жасауды қарастыру керек.

25. Ғимараттың әрбір қабатында және оның жеке бөліктерінде жасеспірімдер мен қыздарға, сондай-ақ мұғалімдер мен қызметкерлерге арналған жеке дәретханалар қарастырылуы керек.

26. Оқу орындарының салалық бағытына қарай құрал-саймандарды, дайындық заттарын мастерскойға және дайын өнімдерге керекті шикі заттары үшін үй-жайлар қарастырылуы керек. Әрбір мастерской арнайы жұмыс киімдерін сақтауға арналған шкафтармен және ыстық, сұық сумен жабдықталған бақалшақпен жабдықталуы керек.

#### **4. Сумен қамтамасыз етуге, канализация, жылдыту, желдету жүйелерінде және жарықтандыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

27. Оқу орындары қолданыстағы ҚНжЕ талаптарына сай су құбырымен, канализация жүйесімен, орталықтандырылған ыстық сумен, жылумен, желдету жүйесімен (керек болғанда ауаны тоңазытатын жүйе қарастырылуы керек) қамтамасыз етілуі керек.

28. Ғимараттар осы елді мекенде жұмыс істейтін электр, телефон желілеріне және басқа да инженерлік коммуникацияларға қосылуы керек.

29. Оқу орындарында ыстық сумен қамту жүйесі істен шыққан жағдайда немесе алдын ала жөндеу жұмыстарын жүргізгенде буфеттер мен ас блоктарында резервті (апат кезінде) ыстық сумен қамту жүйесі қарастырылуы керек.

Зертханалық-техникалық және шаруашылық-тұрмыстық, медициналық қажетке және дәретханаға арналған үй-жайлар ыстық сумен қамтамасыз етілуі керек.

30. Санитарлық-техникалық құралдар мен құрылғылар (крандар, раковиналар, унитаздар, писсуарлар) жөнделген қалыпта болып, дат немесе басқа да ластиқтан тазартылып, жарықтары мен басқа да ақаулары болмауы керек. Дұрыс жұмыс істемейтін құралдарды ауыстыру қажет. Дәретханалар кабиналармен, ілгіштермен, қолды құргатуға арналған құрылғымен, айналармен жабдықталуы керек.

31. Санитарлық құралдардың санын бір құрал отыз адамға есебінен алу керек. Ерлер дәретханаларындағы писсуарлардың саны унитаздардың санымен бірдей болуы керек.

32. Барлық жылыту кезеңінде үй-жайлардағы жылыту жүйелері ауаның бір қалыпты жылынуын қамтамасыз ету керек, пайдалану кезінде бөлінетін зиянды заттармен немесе иістермен ауаның ластануын болдырмауды қамтамасыз ете алатындей, рұқсат етілген деңгейден аспайтын шу шығармауды реттейтін құрылғылармен жабдықталуы қамтамасыз етіліп, құнделікті қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарына ыңғайлы болуы керек.

33. Жылыту құралдарын сыртқы қабырғаларда, терезелердің астында, қоршаусыз орналастыру керек. Спорт залдарында және зертханаларда жылыту құралдары әшекейлі тесіктері бар торлармен қоршалуы керек. Бұл қоршаулар құнделікті пайдалану кезінде және құралдарды тазалауға баратын жол ыңғайлы болып, құралдардың беттерін 15%-ке асыра көбейтпейтіндей етіп орналастыру керек.

34. Жылытуудың орталықтандырылған жүйесінде жылу тасығыш ретінде жоғарғы температуrasesы 85 градус Цельсий болатын су пайдаланылады.

35. Жылыту, желдету мен ауаны салқыннату жүйелері микроклиматтың және үй-жайлардағы ауа ортасының тиімді жағдайларын қамтамасыз ету керек.

36. Барлық үй-жайларда желқағар ашылатын фрамугтер, терезе жармалары, сонымен бірге желдеткіш каналдар арқылы желденетін табиғи желдету қарастырылуы керек. Жұмыс істеп тұрған желдеткіштер мен электр двигателдерін реттеп, бөтен шу шығармайтын және діріл туғызбайтындей етіп жұмыс істету керек.

37. Зерханаларда, өндірістік оқыту мастерскойларында, аудиторияларда, курстық және дипломдық жобалау жұмыстарын жүргізетін залда, асханада, медициналық үй-жайларда және дәретханалар үшін арнайы жеке сорып шығаратын желдету жүйесін қарастыру керек.

38. Оқу орындарын үй-жайларындағы табиғи және жасанды жарықтандыру көздерінің беретін жарығы қолданыстағы ҚНЖЕ-нің талаптарына сай болуы керек.

39. Барлық оқу үй-жайларында, зертханаларда, кітапханаларда табиғи жарық көзі болуы керек. Сызу және сурет залдарындағы, информатика кабинеттеріндегі терезелердің бағыты солтүстікке, солтүстік-шығысқа және солтүстік батысқа қарау керек. Оқу және зертханалық үй-жайларды жобалау және онда жабдықтарды орналастыру кезінде студенттердің жұмыс орындарына жарық буйірден сол жағынан түсуін қамтамасыз ету керек.

40. Жасанды жарық көзі үй-жайды атқарылатын қызметке қарай жарық мөлшері жеткілікті, азайтылып көбейтілетіндей және қауіпсіз болып, көзді

қараттырмайтында және басқа да жайсыз жағдайды тудырмауы керек. Жалпы жасанды жарық көзі барлық үй-жайларда қарастырылуы керек. Кейбір функционалдық аумақтары және жұмыс орындары үшін жергілікті жарық көзі болуы керек.

41. Табиғи жарық көзінсіз жасанды жарық көздері кітап сақтау орындарында, акт залдарында, телестудияларда, сурет зертханаларында, рентген кабинеттерінде, киім ілетін орындарында, себезгі бөлмелерінде, дәретханаларда қарастырылады. Оқыту-зертханалық үй-жайларында басқа жарық көздерінің болуына қарамастан, кездесе соқ жағдайда пайдаланатын жарық көздері қарастырылуы керек.

42. Үй-жайларда жасанды жарық көзі ретінде люминесцентті және қыздыру шамдарын пайдаланады. Үй-жайларда қолданылатын тәбеде орналасқан жарық көздері жарықты барлық жакқа бірдей шашырататын қақпақпен жабылуы керек.

43. Аラлас жарық көздерін пайдаланатын үй-жайды орындалатын жұмыс орындарында көру дәлдігін талап ететін жұмыстар үшін жарықтың қуаты 4000 люкстан (бұдан әрі - лк) кем болмауы керек.

44. Техникалық құралдарды пайдалану арқылы оқыту жұмыстары (бұдан әрі - ТҚП) жүргізілетін кабинеттерде ТҚП-ны пайдалана отырып жазу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болуы керек, жұмыс бетіне түсетін жарық мөлшері экран жарығынан кем болып, бірақ жарық 300 лк кем болмауы керек.

45. Слесарлық шеберханаларға жарық жалпы жарық көздері арқылы беріледі, мұндағы жұмыс орындарындағы жарық мөлшері 500 лк кем болмауы керек. Өндірістік шеберханаларда, арнайы технологияға арналған кабинеттерде жарық мөлшері істелетін жұмыстың дәлдігіне қарай, өнеркәсіп кәсіпорындарындағы жұмыс орнындағы жарық нормасының контрасттық фонымен анықталады, ол бірақ оқыту үй-жайларындағы жарықтан кем болмауы керек. Аラлас жарық көздерін пайдалануға болады.

46. Станоктарды жарықтандыру үшін қолданыстағы НҚА-ның стандарты мен талаптарына сәйкес жарық көздерді пайдалану керек.

47. Сынып ішіндегі тақтаны жарықтандыратын шамды еденнен өлшегендे 2,2 м биіктікте, сынып тақтасының 0,6 м биіктік деңгейінде паралельді етіп қояды. Сынып тақтасына түсетін жарық 500 лк кем болмауы керек.

## **5. Оқыту жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

48. Оқытундардың саны оқу орнын жобалайтын қуатынан аспауы керек. Аудиторияларды, оқу кабинеттерді, зертханаларды құрал-жабдықтармен

жабдықтау олардың бейімін ескеретіндей және қауіпсіздік техникасын сақтайтында жүргізу керек.

49. Оқыту кабинеттерінде, зертханаларда қойылатын үстелдер мен орындықтар оқитындардың бойына қарай лайықтанып, қолданыстағы стандарттардың талаптарына сай болуы керек. Сүйенетін арқасы жоқ скамейкалар мен табуреттерді және істен шыққан жиһаздарды қолдануға болмайды.

50. Оқыту кабинеттерінде және өндірістік үй-жайларда құрал-жабдықтарды көру бұрышын сақтай отырып, 35 градустан (бұдан әрі -  ${}^{\circ}$ ) кем емес орналастыру керек, ол үшін:

1) аудиториядағы және кабинеттегі үстелдер мен парталардың ені 0,5 м, ұзындығы 0,6 м, биіктігі 0,75 м болуы керек. Олардың арасындағы арақашықтық (жүріп тұратын жол) 0,6 м кем болмауы керек;

2) сынып тақтасымен бірінші қатардағы үстелдердің арасы 2,4-2,7 м болуы керек; қабырға арасында және қабырғаға қарсы орналасқан тақтаның немесе жанастырыла жасалған шкафтар мен соңғы парталардың арасы 0,7 м кем болмауы керек;

3) квадрат түрінде немесе ұзыншалай орналасқан кабинеттерде жиһаз 4 қатар болып орналасуы қажет. Алдыңғы үстел мен сынып тақтасының арақашықтығы 3 м кем болмауы керек;

4) зертханаларда оқытуға керекті жиһаздардың ара қашықтығы 1,0 м болып, ал сизу кабинеттердегі сизу үстелдерінің арасы 0,7 м болуы керек;

5) шеберханалардағы құрал-жабдықтар жарық түсетін қабырғаға перпендикулярлі орналасып, болмаса  $35 {}^{\circ}$ - $45 {}^{\circ}$  бұрыштай (станоктардың арасы 1,2 м, ал қатар арасы 0,8 м кем болмауы керек) орналасуы керек;

6) шеберханалар шуды аз шығаратын құралдармен жабдықталып, бұған қоса оларды орналастыру барысында рұқсат етілген деңгейден аспайтындағы етіп шу мен дірілді азайтатын шараларды қарастыру қажет.

51. Сынып тақтасының мөлшері мен конфигурациясы әртүрлі болуы мүмкін: жылжымалы, ашылмалы, биіктігі мен еңкеюі өзгеретін. Сынып тақталарында бордың үгіндісін, сұртетін шүберекті немесе сіңіргіш затты қоятын ернеу болуы керек.

52. Оқыту бөлмелерінің құрал-жабдықтары бейне дисплейлерінің терминалдары (бұдан әрі - БДТ) және дербес компьютерлердің, (бұдан әрі - ДК) дene шынықтыру және спортпен шұғылданатын орындар ҚНЖЕ талабына сай болуы керек.

53. Оқу орындарының барлық үй-жайлары таза жағдайда ұсталынуы қажет. Жинау тазалау жұмыстары күн сайын, күрделі тазалау жұмыстры еденді, жарық

көздерінің торларын, жиһаздарды, есіктерді жуғыш және заарсыздандырыш заттарды қолдану арқылы жетісіне бір рет жүргізілуі керек.

Дәретханалар мен жарық көздерінің торларын жууға оқитындарды пайдалануға болмайды.

54. Жинап тазалайтын материалдарға белгі салынып, арнайы шкафтарды немесе оларды сақтауға бөлінген орында сақтау керек.

55. Оқу орындарында сабақ беруді екі ауысымды жүргізуге болады және кестені жасағанда топтардың санын, аудиториялық қорды, пәндердің еңбекқорлықты талап ету деңгейін және ағзалардың физиологиялық ерекшеліктерін еске ала отырып сабақ кестесімен реттелінеді. Аса интенсивтік сабактар жұмыс қабілеттілігінің жоғары кезеңіне келу керек.

56. Сабақ кестесін жасағанда аудиториядан тыс өзбетімен істелінетін жұмыс күн сайын дұрыс бөлініп, оқитындардың оқу жүктемесін біртіндеп көбейтіп, еңбек етудің қолайлы және тиімді түрі пайдаланылады, және бірінен соң бірі жалғасатын екі дәрісті өткіzetіндей етіп жасауға болмайды.

57. Жетісіне 4 сағаттан кем емес денешынықтыру сабактарын жетінің кез келген күндері өткізуге болады. Жетісіне екі рет болатын дene шынықтыру сабактарын екі күн бойы күн сайын өткізуге болмайды. Денешынықтыру сабактарын оқу күнінің соңында өткізген дұрыс.

58. Сабақ кестесін жасағанда бір семестрге бірақ жасаған дұрыс. Оқу үдерісі күні бойы үзілмей оқу жетісінің ішінде біркелкі болып бөлінуі керек.

59. Шектен тыс шаршауды болдырмау үшін мынандай шараларды міндетті түрде іске асыру керек:

1) БДТ және ДК-мен жұмыс істегендеге әрбір 20-25 минут сайын көзге арналған жаттығулар жүргізу;

2) оқу үдерісіне қарамай әрбір академиялық сағаттан кейін ұзактығы кем дегендеге 15 минут үзіліс жасау;

3) БДТ және ДК-мен нормаланған уақыт жұмыс істеуді қамтамасыз ету мақсатында БДТ және ДК-ге таймер қосу немесе видеомонитор экрандарында ақпараттардың көрінуін орталықтандырылған түрде өшірілуі;

4) үзіліс кезінде оқитындарды үй-жайлардан шығарып, желдетуді ағынды түрде жүргізу;

5) үзіліс кезінде дene шынықтыратын жаттығуларды 3-4 минут бойы жасау;

6) БДТ және ДК-мен оқу сабактарын сағат 17-ден кейін оқитындарға өткізуға болмайды.

60. Өндірістік тәжірибеден өту кезінде немесе студенттік отряд құрамында (жазда) жұмыс істегендеге БДТ және ДК-мен жұмыс істеу уақыты бірінші курс студенттері үшін 3 сағат, ал жоғары курс студенттері үшін 4 сағат болып, сабак өткізу кезінде аурудың алдын алу шараларын жүргізу керек.

61. Студенттердің оқыту жүктемесінің (аудиториялық және аудиториядан тыс жерде өтетіндерін) барлық жиынтығы бірінші курсағылар үшін жетісіне 54 сағат мөлшерінен асырмай, келесі курсағылар үшін 57 сағат мөлшерінде жоспарлап, іске асыру керек. Бір күнгі академиялық жүктеме орташа алғанда 10 сағатты құрауы керек, оның 6 аудиториялық сағатты, ал өз бетімен аудиториядан тыс жерде дайындалу 4 сағатты құрауы керек.

62. Бастауыш және орта кәсіби білім беретін ұйымдарда сабак оқудың кестесін жасағанда оқу ұдерісіменен, оқу жоспарын есепке ала отырып, оқу жоспарында көрсетілмеген сабактарды қарастырмау керек.

63. Бастауыш және орта кәсіби білім беретін ұйымдардың оқушылары үшін берілетін жүктеме, жетісіне 36 сағаттан аспауы керек.

64. Егер жұмыс бір түрде реңсіз (конвейерлі өндіріс, ұсақ өнімдерді жинастыру және басқалар) қайталанатын болса, әрбір 50 минут сайын 10 минуттік үзіліс жасау керек; жұмыс басталардан бұрын және әрбір 2 сағаттан кейін өндірістік гимнастика (7-8 минут) жасалынады. Кәсібі станоктармен байланысты тоқу өнеркәсібінде 3-3,5 сағат жұмыстан кейін 40-50 минутке үзіліс жасау керек.

65. Металлургия саласындағы кәсіпке байланысты алғашқы 5-6 апта ішінде жұмыс ауырлығы азайтылу қажет және күннің ұзақтығы 3 сағатқа дейін қысқартылып, 6 сағатқа дейін бірте-бірте ұзартылуы керек. Жұмыс күні ішінде "ыстық" және "суық" жұмыстар ауыстырылып отырылады; жұмыс уақыт кезінде комфорттық жағдайы бар үй-жайларда қосымша үзілістер қарастырылады. Оқитындар жеке бастың қорғау құралдарымен және ұйымдастырылған су ішу тәртібімен қамтамасыз етілу керек.

66. Құрылыштың кәсібіне келесі қарастырылады: арнайы киімдерді қолдану, 15 минуттік қосымша үзілістер, түскі асқа 40 минуттік үзіліс, су ішу тәртібін қамтамасыз етуі.

67. Ауыл шаруашылық механизаторлық кәсіптегілерге, құрылыш саласындағыларға машиналарды жүргізу ұзақтығы күніне 3 сағаттан аспауы керек. Дала жағдайында жұмыс атқаратын (практика кезінде) 3 курс оқитындарға түскі тамақ үзілісі 35-45 минут, ал ыстық күндері - 3-4 сағат болу керек. Дала жұмыстары бір ауысым мерзімінде жүргізілуі керек. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тіркелімінде N 2780 тіркелген "Олардың кезінде алдын ала және мерзімдік медициналық қараулар міндетті зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі мен Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың эсеріне ұшыраған қызметкерлерді міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарауларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты" бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 ж. 12 наурыздағы N 243

бұйрығына сәйкес алдын ала және мерзімдік медициналық қараулардан өткен, сондай-ақ техника қауіпсіздігі жөніндегі кіріспе және мерзімдік нұсқамадан өткен адамдарға жұмыстың осы түрлерімен айналысуға рұқсат етіледі.

68. Химиялық бағыттағы кәсіпке маман дайындағанда 1 курс үшін сабактар зертханада, мастерскойларда немесе оқу кабинеттерінде жүргізілуі керек; 2-3 курстарда - цехтарда немесе өндірістік жұмыс орындарында қолданыстағы НҚА-ға сай өткізуі керек.

Үйрену жұмыстары алғашқы ауысымда жүргізіліп, жасөспірімдерді технологиялық құрал жабдықтарды жөндеу жұмысына жіберуге болмайды. Өндірістік жағдайда жұмыста болу 4 сағаттан аспауы керек.

69. Жұмыс барысында сауықтыру шаралары қарастырылуы керек: күн сайын тамақты витаминдеу, үйлесімді тамақтандыру, ультракүлгін сәулелену, күніне 3 сағаттан таза аудада болу.

## **6. Тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

70. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тіркелімінде N 2526 тіркелген "Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ережесі мен нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 ж. 25 шілдедегі N 569 бұйрығына сәйкес оқитындар үшін тұратын және оқитын орындарда ыстық тамақпен тамақтандыру ұйымдастырылуы керек.

71. Қоғамдық тамақтану объектісіне келіп түскен өнімдер мен шикізаттардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы керек.

72. Тамақтану тиімді, толыққанды, қауіпсіз болып және емдемдік тағамдар да болуы керек. Тамақтың құрамындағы белок, май, көміртегі, витаминдер мен минералды тұздардың арақатысы үйлесімді болу керек.

## **7. Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

73. НҚА-ның талаптарына жауап беретін медициналық пункттер оқитындардың тұратын жерлерінде қарастырылу керек.

74. Білім беретін ұйымдарда медициналық пункт қарастырылуы керек. Медициналық пункт керекті аспаптармен, жиһаздармен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуі керек.

75. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тіркелімінде N 2556 тіркелген "Халықтың декретtelген

тобына міндетті түрде медициналық тексерулерді жүргізу ережесін" бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 ж. 20 қазандағы N 766 бұйрығана сәйкес білім беретін ұйымдардың қызметкерлері медициналық қараудан өтуі керек.

"Бастауыш кәсіби, орта кәсіби, жоғарғы кәсіби білім беретін ұйымдарды күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларына қосымша

### Дене шынықтырумен айналысатын медициналық топтар

Медициналық топ	Студенттің медициналық сипаты	Рұқсат етілген жүктеме
Негізгі топ	Денсаулығында ауытқулаres жоқ тұлғалар, денсаулығы жақсы жетілген және дайындықтан өткен бірақ денсаулығында аздаған ауытқулары бар тұлғалар	Оқу бағдарламасы бойынша толық көлемде айналысу, спорт секциясының бірімен айналысуға, жарыстарға қатысуға құқықты
Дайындық тобы	Денсаулығында ауытқулаres жоқ тұлғалар, денсаулығы дұрыс жетілмеген және дайындығы жеткіліксіз денсаулығында аздаған ауытқулары бар тұлғалар	Адам ағзаларына жаңа талаптарды қоюға байланысты қимылмен дағдының кешенін біргіндеп менгеретін оқу бағдарламасы бойынша жүргізілетін сабактар. Дене тәрбиесін жетілдіретін және дайындық деңгейін көтеру үшін қосымша сабактар өткізу
Арнайы "А" тобы	Шектелген жүктемені талап ететін денсаулығында тұрақты және уақытша сипаттағы ауытқулар, оқу және өндірістік жұмыстарды орындауга жіберілген	Арнайы оқу бағдарламалары бойынша сабактар өткізу
Арнайы "Б" тобы	Емдік дene тәрбиесіне жіберілген тұлғалар (тез өрбитін аурулардан, созылмалы аурулардан, асқынулардан, жарақаттардан және операциядан кейінгі кезенде	Емдік дene тәрбиесінің жеке әдістері бойынша сабактар өткізу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК